


1 2008
797к

СПОРТ
САҢЛАҚТАРЫ



Ерлібай
ӨЗБЕКБАЙҰЛЫ

АМАНЖОЛ



**СПОРТ
САҢЛАҚТАРЫ**

**Ерлібай
ӨЗБЕКБАЙҰЛЫ**

А М А Н Ж О Л



“Ер-Дәулет”
Астана
2007

ББК 75.3

Ө 25

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІНІҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Өзбекбайұлы Е.

Ө 25 Аманжол. – Астана: Ер-Дәулет, 2007. - 192 бет.

ISBN 9965-436-45-2

Атақты балуан, білікті бапкер, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Аманжол Бұғыбаев туралы жазылған бұл кітап оның спорт жолында бағындырған сан қилы белестері жайында сыр шертеді.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

Ө 420100000 хабарландырылған – 2007

ББК 75.3

00 (05) -07

ISBN 9965-436-45-2

© Өзбекбай Е. 2007
© “Ер-Дәулет”, 2007

Аманжол Бұғыбаев еркін күрестен Қазақстан Республикасы ұлттық құрамасының бас банкері (1997-2003 ж.ж) болып қызмет атқарды.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы. Еркін күрестен КСРО чемпионы (1973), КСРО чемпионатының күміс жүлдегері (1972), КСРО кубогінің жеңімпазы (1970), КСРО-ның ауыл-село спортшылары арасындағы чемпионатының 6 дүркін (1965-1967, 1968, 1971, 1972) жеңімпазы, Қазақстанның 10 дүркін чемпионы. Халықаралық дәрежедегі спорт шебері.

А.Бұғыбаевтың шәкірті Мәулен Мамыров қазақтың еркін күрес балуандарының ішінен Олимпиада медаліне (Атланта-1996) бірінші болып қол жеткізді.

ӘЛҚИССА

Аманжол Бұғыбаев – халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Кеңес Одағы кезінде Қазақстанның он дүркін чемпионы болып, КСРО Кубогінің, КСРО чемпионатының жеңімпазы атанған. Еркін күрес бойынша Қазақстан құрамасын бірнеше жыл басқарып, елімізде осы бір спорт түрінің дамуына қомақты үлес қосқан. Айта берсек, даңқты балуанның атақ-абыройы осылайша тізіле береді. Мұның бәрі талай жыл төгілген маңдай тердің, табанды еңбектің жемісі.

Аманжол ағамен алғаш Алматыдағы Орталық стадионның кіре беріс жерінде орын тепкен ескерткіш жанында кездестік. Жеңіл көліктен бәкене бойлы, ал денесі тығыршықтай шымыр келген жігіт ағасы шықты. Амандық-саулықтан соң стадионның қарама-қарсы жағында орналасқан көп қабатты үйге қарай жылжыдық. Екі араның қашықтығы сүт пісірімдей жер болғандықтан әңгімеміз жағдай сұрасудан әрі аса алған жоқ. Үй іргесіне жеткенімізде күзетші жігіт автотұрақтың есігін ашты. Жеңіл көлік төмен қарай құлдилап жүріп келіп, кіре берістегі екінші орынға келіп тірелді. Аманжол аға


мәшинесін ары-бері қозғап, оны ыңғайлап қоюға әрекеттенгенде мен бірінші орынның жанында тұрғанмын. Бір уақытта автоматтандырылған автотұрақ есігі жабыла бастады. Ал, мен болсам, жеңіл көліктегі кісіге бір қарап, әлгі есікке тағы қарап, дағдарғандай күй кешіп тұрдым да, тәуекел деп жартылай жабылып қалған есіктен еңкейіп барып өтіп кеттім. Сөйтіп, сыртта болашақ кейіпкерімді күттім. Арада бес-он минуттай уақыт өтті. Ағамыз әлі жоқ. Күзетші жігіттен есікті қайта ашуды сұрап едім, ол ішке қарай кіруге болатын тағы бір есікті нұсқады. Аяғымды жедел басып, әлгінде Аманжол ағаның жеңіл көлігі тұрақтаған бірінші орынды іздеп келемін. Қырсыққанда, әлгі орын табылмай қойды. Бірде оңға, енді бірде солға бұрылып, қаз-қатар тізілген мәшинелерді көзбен шолып шықтым. Асыққандық гоы, әйтпесе, ішке кіре салып, көлік иелерінен «бірінші орын қайда?», деп сұрай салғанда мұншалықты сабылмас едім. Әрі-сәрі күйде келе жатқанымда «Қайда жүрсің, бауырым?», деп күле сөйлеген кісінің дауысын құлағым шалды. Сол жаққа жалт бұрылдым. Жертөлеге қарай бағытталған кішкене жолдан Аманжол ағаны көргенде не күлерімді, не жыларымды білмедім. Ол кісі де автотұрақ ішін шыр көбелек айналып, мені іздепті. Әйтеуір, аман-есен табыстық та, лифтімен жоғары көтеріліп, балуан ағамыздың пәтеріне келдік. Есікті ағамыздың жұбайы – Сағынбала ашты. Ішке кірген бойда Аманжол аға мені таныстырды да, әлгі оқиганы айтып, келіншегін бір күлдіріп алды. Содан соң мен келген

шаруамды айтып, журналистік жұмысыма кірістім. Балуан ағамыз сон-ау балалық-бал шағынан бастап, бүкіл спорттық жолын рет-ретімен әңгімелей жөнелді. Ұмытқан жерлерін Сағынбала жеңгейден сұрап қояды. Екеуі жарыса сөйлеп, әңгіме көрігін қыздырған сәт те аз болған жоқ. Бақытты шаңырақ иелерінің шешіле сөйлеген сөздері, келтірген деректері мен дәйектері оқырман назарына ұсынылған осы кітапқа арқау болды.

Автор

АЛТЫН КАРСАК

БІРІНШІ БӨЛІМ



АЛТЫН ҚҰРСАҚ


Күнболат күнделікті күйбең тірлікке қанша алданғысы келсе де, жан-дүниесін күңіrentіп кеткен қайғыдан арыла алар емес. Ойын сан-саққа шашыратып бір көреді, ары-бері тебірене жүріп, қанатты сөздермен өзін қамшыламақшы да болады, бірақ бойды билеп алған ауыр мұннан қабағы салыңқы, еңсесі көтерілер емес. Бір уақытта Күнекен алаң көңілін алдаусыратайын деді ме, әйтеуір ат қораға қарай беттеп, бәйгеге қосып жүрген сәйгүлін айналып біраз жүрді. Ат баптаса арқасы қозып, айналадағы у-шуды тіпті елемей, ен далада еркін көсілген көк бөрідей көзі оттай жанатын. Осы бір әдеті ойына оралды-ау, шамасы, Күнболат күрең атын жетегіне алды да, ауыл іргесіндегі жазық далаға қарай беттеді. Алдымен ат мойнына байланған ұзын арқанды ұзындау ғып ширатты да, ұшын сол алақанына қысып, оң қолындағы қамшыны қағып-қағып жіберді. Иесінің бұл емеурінін түсіне кеткен тұлпар шыр көбелек айнала шаба жөнелді. Шапқан сайын шабыттанып, артынан будақ-будақ шаң қалдырады. Жылдамдығын үдетіп, бауырды жаза көсілді дейсің. Сәйгүлігінің бұл қылығы



*Аманжолдай айбынды ұлды дүниеге әкелген
аяулы ана – Жәкен.*

Күнекеңді көңілдендіре түсті. «Айт-шулап» айқайлаған дауысы ауыл тұрғындарының құлағына да жетті. Күйеуінің көңілді дауысын көптен бері естімеген Жәкен «Шіркін, текті жануар тұнжырап жүрген ерді бір тебіrentкен екен ғой», деп бір серпіліп қалған.

Сырт көзге сыр білдіре қоймағанымен, Жәкеннің де жайы мәз емес. Ол да мұңайған көңілін жұбатқысы келеді. Алайда, 11 құрсақ көтерсе де, олардың бірде-біреуінің аман қалмауы болашаққа деген үмітін



Ер кеңбді, ақомарт жүрек Құлболат аке.



бұлыңғырлатып жіберген. Күнболат екеуінің жүрегінде тұмшаланған бұл мұңның ызғары бүгін-ертең басыла қоймасы да белгілі. Әсіресе, Жәкеннің жанына қатты батып жүр. Көбіне өз-өзін кінәлайтын секілді. Күнболат оның мұндай күйін байқаған сайын сабырға шақырып, «Ханқа қарсы тұра алмайсың, Алла қуат берсін деп, алдағы күндерге үміт артайық» деген тоқтамын айтып отырады. Отағасының осындай жылы сөздері Жәкеннің күпті көңілін жұбатқандай болады. Құдай қосқан қосағының жан-дүниесін түсінетініне мың да бір шүкіршілік етеді. Кейде: «Егер Күнболатым менің мұңды жүзіме өзінің шуағын шашпағанда, ел арасында айтылып қалатын қаңқу сөздер жанымды күйретіп кетер ме еді. Аллаға шүкір», деп өз-өзін сабырға шақырған кездері де болды.

Тағдырдың талай соқпағын көрсе де, сағы сынбаған бұл саналы ғұмыр иелері сол кездегі Талдықорған облысына қарасты Сарқант ауданындағы Ново покровка елді-мекенінде тұрады. Күнделікті тіршіліктері – төрт түліктің қамы. Асып-тасып жатқан дүниелері болмаса да, күнкөріске жетерлік мал саны бар. Мал бағуға мейлінше маманданып алған Күнболат баққан түлігінің бабын таба біледі.

“Мал баққанға бітеді” демекші, уақытылы су, шөп, жем беру – Күнекеңнің күнделікті әдеті. Әсіресе, бәйгеге дайындайтын сәйгүлігіне айрықша ықылас танытады. Қасқабағын бағады. Арқау болар асын алдына қойып, оны тұлпары толық жеп біткенше



тамсана тамашалап тұратын кездері де аз емес. Сондықтан болар, мейірімі түскен иесіне тұлпар шіркін де мейірлене қарап қояды. Ал, Жәкен таңның атысы, күннің батысы бітпейтін үй тіршілігімен әлек. Ол да бір іс бастаса, толық бітірмей қоймайтын шаруақор жан. Қолы қалт етсе, дене қимылын жасап, бойын шынықтыратын әдеті де бар. Әсіресе, жүгіргенде желдей жүйткіді. Тойдомалақтарда осындай спорт түрінен жарыс бола қалса, сайыскерлердің қатарынан табыла кетеді. Жұбайының бұл қылығын Күнекен де ерсі көрмейді. Қайта, халық арасында «Баптаған тұлпарым да, сенімімді ақтаған жұбайым да жүйрік», деп мақтанып қоятынын қайтерсің.

Көңілі жарасқан қос тағдыр иесі қым-қуыт тіршілікпен күндерін өткізіп жатты. «Үмітсіз шайтан ғана» деп, алдағы күндерге үкілі үмітін артқан Жәкен тағы да құрсақ көтерген. Ай-күні жақындаған сайын көңілі алаң. Күндіз-түні іште жатқан шаранасының амандығын Алладан тілейді. Күнболаттың да көңілі алабұртып, жаны жай таппайды. Сыртқа білдірмегенмен, ішінде кобалжу бар. Әр нәрсені бір ойлап қояды. Алайда, бойында жан күйзелісінен гөрі, теңіз толқынындай тербелген қуанышқа толы тебіреніс басым сияқты. Лүпіл қаққан жүрегін бір жақсылықтың лебі есіп тұрғандай сезіледі. Көңіл толқынымен кейде әндетіп кететін әдет те шығарған. Онысын өзі де аңдамай қалады.



... Қарауыл төбенің қарама-қарсы жағында орналасқан Ново покровка ауылының тұрғындары ауыздан-ауызға тарап кеткен жағымды жаңалықты естіп, мәре-сәре күй кешуде. «Күнболаттың келіншегі торшық шеке ұл туыпты. Алла алдынан жарылқасын, ғұмырын ұзақ қылғай» деп, ақ тілек үстінде жүрген жұрт көп. Жан-жақтан келген дос-жаран, туған-туыс, ағайындар Күнболатқа жарыса құтты болсын айтып жатыр. Күнекеңнің қуанышында шек жоқ. Тебіренісінің тым қаттылығы дір-дір қаққан тістері мен еріндерінен байқалып-ақ тұр. Әншейінде, әңгімеге аса әуес емес ол жан-жағынан қаумалаған көпшілікпен әзілі, сөзі жарасып, шаттанып жүр. Әңгіме орайы дүниеге келген перзентіне қарай ойысса, «Аман болсын, жолы оң болсын!» дегенді жиі-жиі айтады. Тіл ұшына осы бір сөз қайта-қайта орала берген соң, Күнболаттың көкейіне бір ой сап ете қалды. Бұл – «Перзентім аман болып, алдынан өмір жолы кең ашылса, менде сірә, арман жоқ. Жүреkte сайрап тұрған осы бір тілегім періштенің құлағына шалынсын деп, ұлымның атын Аманжол деп қояйын», деген тоқтамға келді. Іштей пысықтап, әбден түйіндеген бұл ұйғарымын құттықтай келген ағайынға айтып көріп еді, олар қуана құптай кетті. Жұбайы Жәкен де мұны жөн көрді. Шіркін, ана жүрегі бала дегенде айрықша ыстық, ерекше мейірімді ғой. Бөбегін құшағына алған Жәкей Жаратқанға



жалбарынып, ұлының амандығын тілеп жатыр. Бір уақытта ол жанындағы қарт әжейлерге қарап, «Өздеріңіз білесіздер, осы уақытқа дейін 11 құрсак көтердім. Бұл күнде олардан аман қалғаны жоқ. Айтар ауызға жеңіл болғанмен, басқа түскенде тым ауыр болады екен. Мұндайда, халқымыз «Тас түскен жеріне ауыр» демей ме. Күнболат екеуміз мұңымызды ішке буып, жұрт қатарлы тіршілік жасап келдік. Болашақтан үміт үзген жоқпыз. Мінеки, тағы бір бөбегіміз дүниеге келді. Осы перзентім менің ғана емес, ауылдағы емізулі баласы бар барлық ананың құшағында болып, ақ сүтін еміп өссе деген тілегім бар», деп жүрек сырын ақтарды. Әңгіме ауанын аңғарып отырған ақ жаулықты аналар Жәкейдің бұл ниетіне тек тілектестігін білдірді. Сөйтіп, аман-есен дүниеге келген Аманжол ауыл аналарының құшағында өсті.

... Аманжолдың алты жасқа таяп қалған кезі. Әкесіне ұқсағысы келе ме, әйтеуір, жылқы жетектеуге әуес. Егер, әкесі ат қорадағы тұлпарын алып, ауыл іргесіндегі кең жазыққа қарай бет алса, артынан бір елі қалмай, құлдырандап ол да барады. Сондағы мақсаты – атқа міну. Күнболат сәйгүлігін сәл демалтатын кезде бала көңіл алып ұшады. Әкесіне қарай жақындап, еркелей емеурін танытады. Мұндай кезде баласын ат үстіне қондырып, аздап серуен құру Күнболаттың әдеті. Жұдырықтай жас өскін тұлпар үстінде бойына алып күш дарығандай кейіпте



отырады. Өзін тым еркін сезінеді. Көзі қарақты Күнекең Аманжолды сынап көрмек болып, кейде атын желдіртіп, кейде баяу шабысқа да басады. Сондай сәттерде де Аманжол қаймыға қоймайды. Бұған іштей қуанатын Күнекең «Ұлым жүректі екен, есейгенде білекті азамат болғай» деп, Алладан тілейді. Сондай-ақ, бірер жылдардан соң бұл балам бәйге жарысына да жарап қалар деп дәмеленіп те қояды. Егер мұндай ниетін Аманжолға айта қалса, онсыз да есі-дерті тұлпарға ауып тұрған ұлы бір желпініп, жүрегі жарылардай қуанады.

Қарауыл төбе мен Ново покровка ауылының орта беліндегі кең жазық – бәйге, көкпар, аударыспақ және қазақша күрес секілді ұлттық ойындар салтанат құратын құтты жер. Қауым болып тойлайтын қандай да бір мереке болса, әлгі жазықта той көрігі қызады. Жасөспірім Аманжол үшін 1957 жылы өткен Қазан революциясының 40 жылдығына арналған ат жарысының орны айрықша. Атадан мұра – атбегілікті жанына серік еткен әкесі бұл кезде екі бірдей тұлпарды баптай бастаған. Алайда, аздап сырқаттанғанына байланысты бұл жолғы бәйгеге қос сәйгүлігін құрдасы Күмісбек дайындаған болатын.

Күмісбек – хас тұлпарды алыстан қарап-ақ танитын азамат. Күнболаттың аманат етіп айтқан өтінішіне бірден келісе кеткен. Себебі те айқын. Ол бабы келіссе, Күнболаттың бәйге аттарының бағы жанатынына сенімді еді. Күрөң



жорға мен күрең қасқа айғырды Күмісбек өз жүйрігіндей ерекше күтімге алды. Алдымен қос тұлпардың жілік-майын толықтыру мақсатында еңбек сіңірді. Діттегеніне жеткен соң жан сала жаттығуларына кірісті. Екі аптаның ішінде үш күндей таң да асырды. Ал, бәйгеге бір күн қалғанда тұлпарлардың терін алса, ертесіне жуып-шайып, құйрық-жалын тарап, иесіне зор сеніммен тапсырды.

Күнболаттың күрең аттарын тамашалай қарап жүрген жұрттың арасында ауылдың атақты шабондоздарының бірі Шахарбай да бар еді. Ол қос тұлпарды айналып көп жүрді де, бір уақытта Күмісбекке қарап: «Еңбегінде еш мін жоқ, баптаудай-ақ баптаған екенсің» деп, өз бағасын берді. Келіп, көріп кетіп жатқан халықтың көбейгенінен күдік алды ма, әйтеуір, Күнболат көптен бері қолқанаты болып жүрген Аманжолды жанына шақырып алып, аттарды ана жакка апара бер, қазір бәйге де басталып қалар деп, ел-жұрт аздау жерді меңзеді. Мереке шырайын келтіретін ұлттық спорт түрлеріне ол кездерде ауылдағы орта мектептің денешынықтыру мұғалімі Николай Серебрянов төрешілік жасайтын. Бір уақытта ол дүйім жұртқа бәйгенің басталатынын жариялады. Күрең қасқаға баласын мінгізген Күнекең «Есіңде болсын, Аманжол, аттардың бірден алдына түспе, ал озған тұлпарды тым алысқа ұзатпа» деп өз ақылын айтты. Әкесінің бұл сөзін санасына тоқыған шабондоз бала басын изеп, мақұлдаған сыңай танытты да,

атын тебініп бәйге алаңына қарай аяндады. Сөйтіп, басталды деген белгі берілісімен, алға қарай жүйткі жөнелді. Артына будақ-будақ шаң қалдырған бәйге аттары Қарауыл төбенің іргесіндегі жол иірімдерін бетке алып, жан ұшыра жарысып барады. Ат үстінде арқаланып, айбыны асқан, алып-ұшқан жасөспірімдер. Тіпті, шу дегенде қамшыны асыра сілтеп, көп ұзамай аттарын зорықтырып алғандары да бар. Ал, Аманжол болса, әке ақылын ұмытпай, аттардың бірін артқа қалдырып, енді бірін алға оздырып, қанатын қалыпты сермеп келеді. Тағаты таусыла тосып отырған топтың қарасы алыстан көзге іліккен тұста Аманжол қамшыны қаттырақ сілтеп, алдын ораған аттарды артқа қалдыру амалына көшті. Бағанадан тартыңқырап отырған тізгінді босатып, тұлпарының шабысын үдете түсті. Шіркін, текті тұлпар емес пе, иесінің ойын ол да түсіне кетті. Бауырды жазып, құйындатты дейсің. Алдындағы бес сәйгүліктің үшеуін шаң қаптырған Аманжол енді қалған екі тұлпарды еңсеруді ойлауда. Оның бірі Күмісбектің көк бестісі болса, ал екіншісі Шахарбайдың шұбары. Бұл екеуі де осал жүйріктер емес. Алайда, астындағы атына бек сенген жасөспірім Аманжол тәуекелге басып, тұлпарын сипай қамшылап, екпіндей түсті. Соңына будақ-будақ шаң қалдырып келе жатқан үш сәйгүлікті алыстан байқап отырған халық бұл тұлпарлардың кімдікі екенін шырамыта бастады. «Анау,





алға озған тұлпар Күмісбектің көк бестісі ғой», деп бірі топшыласа, енді бірі «Жоқ, ә, ол Шахарбайдың шұбары ғой» деп таласады. «Күнболаттың күрең қасқасы» деп дауласып жатқандары да бар. Ал, шын мәнінде, мәре сызығына қарай қанатты құстардай ұшып келе жатқан Күнекеңнің күрең қасқасы болатын. Алдын ораған тұлпарлардың бәрін артқа қалдырған Аманжол көз-көрім жердегі жапатармағай жұртты көргенде тіпті көңілденіп кетті. Арагідік айқайлап та қояды. Ал, мәре сызығын кескенде, қос қолын жоғары көтеріп, жұмылған жұдырығын үш-төрт рет көкке сілтеп үлгерді. Мұны байқап тұрған Күнболат «Құлынымның кадамы құтты болды. Алла өзің жар бола гөр», деп Аллаға шүкіршілік жасап жатыр. Той-думанға жиналған жұрттың аузында Күнболаттың күрең қасқа айғыры мен Аманжол. Әсіресе, ат спорты өтетін алаң маңындағы халық Аманжол мен атын қаумалап алған. Мақтағанда бірі-бірінен асады. Жұрт жарыса сөйлеп, у-шуға кенеліп жатқанда «Күнболат, сүйінші, сүйінші!» деп айқайға салған бір кісінің тым көтеріңкі даусы естілді. Ел сол жаққа қарай елең ете қалған. Сөйтсе, әйелдер арасындағы жаяу жарыс өтіп жатқан жақтан бір кісі сүйіншілеп жүгіріп келеді екен. Ол бірден Күнболаттың жанына келіп, «Келіншегің Жәкен жүгіруден алдына жан салмады, ол да тұлпарың секілді жүйрік екен», деп ендіге сөйлеп тұр. Міне, қызық. Осылайша Күнекең бір тойда екі қуанышқа кенеліп шыға келді.

Мереке аяқталып, жұрт жан-жаққа тарай бастаған уақытта ауылдың бас көтерер азаматтары мен той көрігін қыздырған сайыскерлер Күнболаттың үйіне жиналды. Олардың арасында ауыл ақсақалы Алпысбай да бар. Күнекеннің көңілі сол кісіге қарай ауып тұр. Әр сөзін мұқият тыңдайды. Қара қылды қас жаратын әділдігіне, қанатты сөздеріне қайран қалады. «Текті адам ғой, тегін емес» дейді іштей сүйсініп. Бір уақытта, жұрт тыншыды-ау дегенде Күнекен: «Ау, халайық» деп, көпшілікті өзіне қаратып алды да, «Арамызда ауылымыздың ардақты азаматы Алпысбай ақсақал отыр, оның қажыр-қайраты мен қабілет-қарымына көп жылдардан бері бәріміз куә болып келеміз. Ағайын араздасса, осы аузы дуалы ақсақалымыз татуластырып жүр. Сондықтан бәйгеден алған әлгі костюмді осы ел ағасына сыйлап, өсіп келе жатқан өрімдей балаларыма бата сұрағалы тұрмын» деп, Алпысбай ақсақалға қарай мойын бұрды да: «Мына тұрған ұлымның аты – Аманжол, биыл он үшке толды, ал оның ізін басып келе жатқан Шолпан қызым бес жаста, анау кішкентайымыздың аты – Аман. Осыларға батаңызды беріңіз», деп алақанын жайды. Төрде отырған Алпысбай ақсақал Күнболаттың бұл ниетін құп алды да: «Кіндігіңнен өрбіген ұрпақтарыңның өмір жасы ұзақ болсын. Қызың елдің көркі, ал екі ұлыңның жауырыны жерге тимейтін балуан болуын Алла тағала нәсіп етсін!» деп дұға қылды.



ҚҰЛШЫНЫС

Ауыл балаларын аға буын өкілдері жинай қалса, бір-бірімен күрестіріп, күшін сынау қашанғы әдеті ғой. Мұндай үрдіске әсіресе, Ново покровка ауылының белсенді бригадирі Шахарбай аса әуес. Аптасына бір-екі рет ауыл балаларының басын қосып, бір-бірімен күрестіру оның бойына сіңген әдет. Бұған балалар да үйреніп алған. Егер, егіндік жақтан Шахарбай келе жатса, олар білек сыбанып, елеңдеп тұрады. Жайма-шуақ күндердің бірінде Шахарбай жасөспірім балаларды тағы жинады. Бір-біріне сынай карап тұрған карадомалақтардың ішінде Аманжол да бар. Арқаланып тұрған балалар «Қазір тартысты бәсеке басталады» деп іштей ой түйіндегенде, Шахарбай шадыман күй танытып, қойнынан «Лениншіл жас» газетін алып шықты. Сөйтті де, әлгі газеттің төртінші бетін балаларға қарай каратып, «Мына суреттегі кім, білесіңдер ме?» деп сұрақ қойды. Ізін ала «Мынау Әбілсейіт қой», «Рүстемнің баласы», «Ажар апайдың інісі» деген дауыстар естілді. Бір уақытта ауыл бригадирі «Дұрыс айтасындар, бұл өзіміздің Әбілсейіт, мұнда оны «Қазақстанның чемпионы болды» деп жазыпты. Бұл баламыз ауылымыздың ғана емес, бүкіл облысымыздың абыройын асқақтатты», деп тебірене сөйледі.



Аманжолдан алты жас үлкендігі бар Әбілсейіт мектеп қабырғасында жүргенде өзінің спортқа әжептәуір бейімділігін байқатқан. Әсіресе, биіктікке секіру, жүгіру, дискі лақтыру секілді спорттық ойын түрлерінен қатарластарынан озық шығады. Жеңіл атлетиканың жетегінде жүрген ол мектеп бітірісімен Алматыдағы Қазақ денешынықтыру институтына арман қуып барған. Талапты бала мақсатына жетті. Бүгінде сол айтулы білім ордасында оқып жүр. Институт қабырғасындағы күрес үйірмесіне қатысып, оған тез бейімделіп те алыпты. Көрмейсіз бе, аз уақыттың ішінде ел чемпионатында бірінші орынды еншілеп те үлгерген.

Ауыл балалары Әбілсейітті әңгіме көрігіне айналдырып, бір-бірімен жарыса сөйлеп тұрғанда, Шахарбай өзінің үйреншікті әдетіне көшіп, «Қане, балалар, енді сендердің араларыңда кім чемпион болатынын анықтайық», – деп күрес думанын бастап жіберді. Жүректерінде жалыны бар жасөспірім өрендер кезек-кезек күресіп жатыр. Жеңілгендері ортақ тәртіпке бағынып, жанкүйерлердің қатарына қосылуда. Белдескен бес баланы да жеңіп, өзінің бекемдігін байқатқан Аманжолдың ендігі қарсыласы өзінің жақын досы Төкен болды. Ол осал емес. Қуатты қолдары мен шымыр денесі Аманжолдың біраз діңкесін құртатынын байқатып тұрғандай. Аманжол қарсыласын қанша алуға талпынса да, еш



нәтиже бермеді. Төкеннің әрекеттерінен де түк шықпады. Сілкілесіп, ұзақ айқасқан екеуі де ентіге бастаған. Бір кезде Аманжолдың есіне Октябрьдің 40 жылдығына арналған тойдағы тартысты күрес түсе кетті. Ондағы актық сайыста Мұқатай (халық “Нокталы балуан” деп кеткен) мен жасы алпысқа таяған Қалдыбет дейтін ақсақал күрескен болатын. Екі балуанның күрес әдісіне үніле қарап отырған Аманжол Нокталы балуанның жата қап лақтыратын әдісін көкейіне тоқып алған еді. Енді міне, сол тәсілді өзінің досы Төкенге қолданып көрмек. «Қалай болар екен?» деп іштей қауіптеніп те қояды. Бір кезде тәуекелге бел буды да, діттеген ойын жүзеге асыруға көшті. Алдымен Төкеннің көйлегінің жеңінен бекем ұстады, содан соң шапшаң шалқая кетіп, оның ішіне табанын тіреген бойда кілемге гүрс еткізді. Қолданған әдіс үйлесімді шықты-ау, шамасы, Төкен Аманжолдың басынан асып барып домалап кетті. Сол мезетте, тез алға ұмтылған Аманжол жолдасын кеудесінен басып, жауырынын жерге тигізді. Бұдан кейін күреске өзінен екі жас үлкен Орынбай деген бала шықты. Екеуі де ә дегеннен бір-бірін шалып құлатуға әрекеттенді. Бірақ, еш нәтиже шыққан жоқ. Аманжол Нокталы балуаннан үйренген әлгі әдісін бұған да қолданып көріп еді, Орынбай алдырған жоқ. Қандай әдіс қолданса да, қарсыласының қарсы әрекетіне тап болады. Қапсыра құшақтай көтеріп, жерге құлатуға құлшынып та көрді, кілемге



екеуі қатар жығылды. Мұндай жағдай екі рет қайталанды. Өліспей, беріспеуге бекінген екеуі әлі де күресе берер ме еді, егер Шахарбай тоқтатпағанда. Ол қос қарсыласты қасына шақырып алды да, мына газетте «Балуандар он минут күресті, нәтижесінде Әбілсейіт бал санының басымдылығымен жеңді», деп жазыпты. Ендеше, біз де солай етейік, бұл жолғы күресте меніңше Орынбай жеңді деп өз шешімін айтты. Намысы кеудесін кернеп, әбден ашуға булыққан Аманжол «Күшті болса, мені таза жеңіп көрсін, мені жіберіңдер, оны жеңемін!» деп булығып алға ұмтылып тұр. Бұл уақытта балалар күресін тамашалауға үлкенді-кішілі ауыл тұрғындары да келген еді. Олар жанайқайға басқан жас баланың тілегін қуаттап, «күрессе, күресіп көрсін, Шахарбай, рұқсат бер, балаға», деп дуылдасып кетті. Сөзге тоқтаған бригадир екі жас балуанды қайтадан күрес додасына қосты. Аманжол ә, дегеннен-ақ алға ұмтылып, қаймықпай, қарсыласының қасына барды да, оны қапсыра құшақтап, жоғары көтерді. Алайда, мұны балтырдан аяғымен ораған Орынбай ойының жүзеге асуына мұрша берер емес. Аманжол аяғын артқа қарай жылжытып, тығырықтан шығудың амалын қарастыруда. Бұл әрекеті нәтиже де берді. Орынбайдың орауынан ретін тауып аяғын босатып алды. Содан соң қарсыласын үйіріп барып, оң жақ бүйірге бір-ақ лақтырды. Сол бойда жауырынымен жығылған Орынбайдың кеудесіне қона кетті.